

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Қарағандық мектеп-балабақшасы

Білім беруге дейінгі ұйымдағы мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09.2023 ж

Күнтізбесінің күні	Жұмыс
Балалардың қабылдауы	<i>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балалардың көңіл - күйлеріне назар аударып, қызуын өшіріп қабылдау. Жағымды жағдай орнату.</i>
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<i>отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу</i>
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<b>Картотека № 10</b> <i>Диалог ойыны: «Жол әліппесі»</i> <b>Мақсаты:</b> балалар көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен танысады. Ойын арқылы жолда жүру ережесін меңгереді.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<b>ҮІӘ өтілу барысына балалармен дайындық</b> <i>Аспан ашық, көгілдір, Күн шуағын төгіп тұр Қол ұстасқан біздерді Тереземнен көріп тұр Диалог ойыны: «Я, жоқ»</i> <b>Шарты:</b> Балаларға қарым-қатынасты ойын арқылы түсіндіру.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<b>Көркем әдебиет Ғажайып сәт.</b> <i>Топқа доптың домалап келуі.</i> <b>Ой қозғау.</b> <i>Балалар доп қалай келді бізге.</i> <i>Оның пішіні қандай? Мына доптың түсі қандай?</i> <i>Бұл доп неге келді деп ойлайсыңдар? Біз доптен жаттығу жасаймыз.</i> <b>Ой дамыту.</b> <i>Балалар доптардың түрлері өте көп. Атап айтатын болсақ футбол, баскетбол</i>

волебол доптары болады. Футбол добымен футбол ойынынойнайды. Волейбол добымен волебол ойынынойнайды. Баскетбол добымен баскетбол ойынынойнайды. Балалар доптар резеңкеден және пластмассадан жасалады. Доптына соспенүреді. Доп жеңіл болады. Тепкен кезде ол биікке ұшады. Себебі доптың ішінде ауа болады.

**Осыны тәжірибе арқылы көреміз бе?**

**Тәжірибе: «Кішкентай ғалымдар»**

Үлкенде табақшаға су құйып, оған доптарды салу арқылы доптардың жеңілекенін балаларға көрсетіп, түсіндіру.

**Сұрақ-жауап:** Балалар доп жеңілме ауырма, және суға батама, батпай ма? Осыны біліп көру үшін қазір біз сендермен тәжірибе жасаймыз: допты суға салайық. Қане, қараңдаршы доп суға батама, жоқ па? Батпайды екен. Қалай ойлайсыңдар неге, батпайды?

Балалар қараңдаршы доп су бетінде жеңілме әлде ауырма? Балалар: Жеңіл

**Қортынды:** Доп су бетінде жеңіл болады. Ішіне ауа толтырылған. Сондықтан ол ұрсаң секіреді, тепсең қашады.

**Кім доп туралы тақпақ біледі? Доп туралы тақпақ жазтау.** Добым менің, добым менің,  
Өзің неткен көңілді едің. Зымырайсың, құтындайсың, Бірақ менен құтылмайсың

**Сергіту сәті: Музыкамен.**

**Дид ойын: «Кішкентай суретшілер»**

Менің сүйікті бұрышым.

Балалар дамытушы ортада дайын шығарылып қойған ақ парақтағы доптың суретін бояу.

Жұмыс жасау барысын түсіндіру, көрсету. Бақылау. Дайын доптардан көрме жасау.

**Миға шабуыл.**

Мына ойыншылыр доптарын таба алмай қалыпты, қане кімге қандай доп керек, атап айтайық.

Футболшының добын көрсет, Волейболшының добын көрсет, Баскетболшының добын көрсет.

Балалардың ойнайтын добын көрсет.

Осы ойыншылардың суретінің қасына өз доптарын жапсырып қояйық, әйтпесе тағы шатасып кетуі мүмкін.

**Дид ойын: «Әр ойыншыға өз добын бер»**

**Біз өзіміз ойнайтын допты серуенге алып шығып далада қызықты ойындар ойнаймыз.**

**Қазақ тілі**

**Ғажайып сәт.** Қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

Сәлеметсіңдер ме, балалар! Балалар, бірге амандасайықшы. – Сәлеметсіз бе!

Қуыршақтар: Сендерге қазақ тілін үйренуге көмектесеміз, алдағы жұмыстарыңа табыс тілейміз.

Дидактикалық ойын: «Танысу». Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады.

– Сенің атың кім?

– Менің атым – Рома.

– Менің атым – Вика.

– Менің атым – Арлан.

**Ой дамыту.**

Демонстрациялық материалдармен немесе слайдпен

«Біздің балабақша» жұмыс.

– Мынау – балабақша. (Айнаны қолымызға алып жаңа сөздерді қайталаймыз).

– Қ-қ-қ – бақ-ша – балабақша.

– Мынау не?

- Мынау – балабақша.
- Біздің балабақша әдемі, кең, жарық және таза.
- Ә-ә-ә - әдемі, ң ң ң кең, қ қ қ жарық, таза. (Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды).
- Біздің балабақша қандай?
- Біздің балабақша әдемі, кең, жарық және таза. Педагог дыбыстарды дұрыс дыбыстап айтуларын

қадағалайды.

### **Сергіту сәті.**

Бір-бірімен сыйласты, Тату жүрміз бәріміз. Бал достықтың ұясы – Біздің балабақшамыз.

**Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала».** (Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттермен жұмыс).

- Мынау кім?
- Мынау – қыз.
- Қыз қайда келді?
- Қыз балабақшаға келді.

### **Ой қозғау.**

Суретке қарап, балабақша туралы әңгімеле. Өзіңнің балабақшаң қандай? Балабақшада саған не ұнайды? Балабақшаға баратын жолды тап. Қарындашпен сызып көрсет. Педагог тапсырмаларды түсіндіреді. Жеке жұмыс жүргізеді.

Қортынды. Бағалау, мадақтау. Қуыршақтармен қоштасу.

### **Дене шынықтыру ҰІӨ жүргізу**

#### **1. Сәлемдесу.**

#### **2. Шеңбермен жүру.** Қолды жоғары созайық, Шапалақты ұрайық.

(қолды жоғары созып шапалақтап жүру) Кәне қолды жазайық,

Қарлығашқа ұқсайық Балаларды мадқтау.

Балаларға таяқшалар беру, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу.

#### **3. Жалпы даму жаттығулары.**

**1.** Аяқтар алысқа қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. /4 рет қайталау/

**2.** Аяқтары алысқа қойылған, қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. /4 рет /

**3.** Аяқтары алысқа қойылған, Қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды айқастырып, қайшылау. /4 рет қайталау/

**4.** Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру.

#### **5) Тыныс алу жаттығуы**

Араның дыбысын салу.з-з-з

#### **4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.**

Допты (кішкене доптар) алып бір қолымен себетке лақтыру

#### **Қим ойын: «Күн мен түн»**

Ойын шарты: Тәрбиеші «күн» дегенде балалар секіреді, жүгіреді.

«Түн» дегенде ұйықтайды. Еркін ойын Жанама бақылау.

#### **6. Кері байланыс**

Балаларды мадақтау.

Серуенге дайындық	<i>Жүйелі киініп серуенге шығу . Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді» Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу</i>
Серуен	<i><b>Картотека №5</b> ұшып жүрген құстарды бақылау.</i>
Балалардың үйге қайтуы	<i>Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы, балалардың тазалықтары жайлы әңгімелеу. Балалардың сұранып үйге қайтуы</i>

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Қаракемер мектеп-балабақшасы

Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды тобы

Балалардың жасы: **5 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.09 – 08.09.2023 ж

*Дәлілдер мен бағалау*  
*2023 ж*

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау, дене қызметін өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату. Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың денсаулығы, көңіл-күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу. Отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарға рау және Тағы басқа әрекеттер)	Достар бірге жүреміз Бірге ойнап күлеміз Бірге балық аулаймыз Міне біздер қандаймыз Дид ойын: «Жадында сақтап көрші» Мақсаты: көргенін есте сақтай алады, зейінді, байқағыш бола алады	Жарық болсын күніміз Жарқын болсын үніміз Елін сүйіп ер жетер Біз болашақ гүліміз Дид ойын: «Табиғат құбылыстарын ата» Мақсаты: суреттерге қарап, жазғы табиғат құбылыстарын атай алады.	Күнмен бірге тұрамыз, Күспен бірге ән саламыз Қайыраы таң! Ашық күн! Көңілді біз баламыз. Дид ойын. «Жүп суреттер» Мақсаты; Балалар бірдей суреттерді таба алады.	Саусақ жаттықтары: «Қонаққа барамыз» Басбармақтың үйіне, Келді бүгін қонақтар, Бес саусағың біріксе, Текке кетпес уақытың, Барлық саусақ – тату дос.	Мен де балғын гүлмін Автор. М. Байсариева Арасыңды гүлдің Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, көкшіл, сары Әп-әдемі бәрі Енді ғана білдім- Мен де балғын гүлмін! Дид ойын: «Телефон» Мақсаты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуді үйренеді. Сөздік қоры дамиды.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке Дайындық	Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар Мен де соның бірмін, Сыйлығымды ал!	Ашық менің жүрегім Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнаға бір жүрер Достарым көп, білемін!	Сиқырлы айнадан Өзімді көрермін. Бақыттан жайнаған. Көзімді көрермін.	Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді.	Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достарымыз енді біз.
Білім беру ұйымының кестесі	I.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Шығармашылық әңгіме «Менің отбасым» II.Қызығушылықты ояту.	Денешынықтыру Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Менің отбасым (сурет бойынша әңгіме)	Сауат ашу негіздері. Тақырыбы: Айналадағы дыбыстар. Дыбыс. II.Қызығушылығын ояту	Көркем әдебиет Тақырыбы: Бір үйде біз нешеміз? Қызығушылықтарын

<p>бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Балаларға саяхат туралы хабарлау. Сұрақ-жауап Саяхатқа немен шыққан ұнайды? Автобус пен поездың айырмашылығы неде? Автобуспен саяхатты таңдау.</p> <p><b>1. «Достық аялдмасы»</b> Балалар сендерге жалғыз ойнаған немесе көппен ойнаған ұнай ма? -Неліктен дос керек деп ойлайсыңдар? - Біз білетін достық ережесі қандай еді? - жолдастарыңа көмектес. -қолыңнан келген істі өзгеге үйрет.</p> <p><b>2. «Отбасы аялдмасы»</b> - Балалар отбасы деген не? - Ең алдымен отбасында не болуы керек? /Отбасы мүшелері бірін-бірі сыйлау керек/ -Әр бала бақытты болуы үшін өзінің сыйластыққа толы отбасы болуы керек.</p> <p><b>Сахналық көрініс. Алдын ала жүргізілуі тиіс жұмыс . тақпақты жаттату. Сейфолла Оспановтың «Бақыт деген не өзі?»</b> <b>1- бала:</b> Айтшы білсең егер де, Бақыт деген не? <b>2- бала:</b> Бақыт деген, шырағым Мынау әсем тұрағың. Ну ормандар, гүл бағы, Күннің күліп тұрғаны БАҚЫТ- дәні далаңның. «Ботам» деуі әжеңнің, Тыныштығы әлемнің. <b>3- бала:</b> Қайда бақыт мекені,</p>	<p>Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру. Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.қол жанда, өкшемен жүру жұптасып жүру . Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау</p> <p><b>Негізгі бөлім:</b></p> <p><b>Жалпы даму жаттығулары.</b> <b>Сылдырмақпен</b> <b>Б.қ.: «Көбелек қонды»</b> <b>1. Аяқтары ыық мөлшерінде.</b> Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. бр</p> <p><b>Б. қ.: «Жыланның қозғалысы»</b> <b>2. Аяқ ыық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасау. ыықты ирелеңдете айналдыру. /6 рет қайталау/</b></p> <p><b>Б.қ.: «Қайшы»</b> <b>3. Аяқтар алишақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау./6 рет/</b></p> <p><b>Б. қ.: «Жұлдызша»</b> <b>4. Қолдары белде. Аяқты бірге ұстау. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хоп» деп айту. /6 рет</b></p> <p><b>Тыныс алу жаттығулары:</b> шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару. <b>Бастапқы қалыпқа келу.</b></p>	<p><b>Шаттық шеңбер</b> Е. Өтетілеуұлы. Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға, «Қайырлы таң!»- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!»- тілеймін. <b>Қызығушылықтарын ояту.</b> <b>Үнтаспадан «жарығым», «ботам», «құлыным», «күнім» деген сияқты жылы сөздер тыңдату.</b> Ашық сұрақтар Балалар, қалай ойлайсыңдар осындай жылы сөздерді сендерге кімдер айтады? -Ал осы адамдарды бір сөзбен кімдер деп айтамыз? Балаларды мадақтау. <b>Суретпен жұмыс.</b> «Отбасы.» <b>Кубизм әдісі.</b> Балалар кубик лақтыру арқылы отбасы мүшелері туралы айтып береді. <b>Дид ойын: «Кім екенін тап?»</b> Шарты: Бір бала шығып, отбасы мүшелеріне қатысты адамдарды ым-ишарамен (мимикамен), қозғалыспен көрсетеді. Басқа балалар шешуін табады. Мысалы: Анасы кір жуып жатыр. Әкесі отын жарып жатыр. <b>Шығармашылық орталығындағы жұмыс.</b></p>	<p>- балалар, біз бүгін дыбыстар бағына саяхатқа барамыз. <b>Сиқырлы таяқша.</b> <b>АҚТ технологиясымен жұмыс</b> Дид ойын: «Қандай дыбыс» Дыбыстар шығады - балалар, айтыңдаршы, пойыз тоқтағанда қандай дыбыс шығарады? - жақын арада аралар жүргенін қайдан білеміз? Түнде қасымызға маса келгені қайдан білеміз? дұрыс айтасыңдар, біз дыбысты осылай құлағымызбен естиміз. Әр естіген дыбыстың жазылу таңбасы - әріп. Әріптер мыналар (әріптерді көрсету) Дыбысты естиміз, аузымызбен айтамыз, ал әріпті көреміз, оқимыз және жазамыз. <b>Сергіту сәті</b> Жаңбыр жауса Тырс - тырс Айтады гүл: - дұрыс - дұрыс Жаңбыр жауса, Тырс - тырс, Айтады қыр: - ырыс - ырыс <b>ІІІ. Ой қозғау.</b> <b>Дид ойын: «Не қалай дауыстайды?»</b> Ойын шарты: педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды Сыыр мөңірейді Жылқы кісінейді Түйе боздайды</p>	<p><b>ояту.</b> <b>Тосын сәт</b> Айгүл қуыршақ келеді. Балалармен амандасады. Балалар мен сендерге қонаққа келдім, менде көптеген тапсырмалар бар бірге орындауға көмектесесіңдер ме? <b>1- тапсырма.</b> АКТ технологиясы. <b>Дид ойын: Кімді көріп тұрсың?»</b> Шарты: Балаларға экраннан отбасы мүшелерінен кімді көріп тұрғандарын айтады <b>2- тапсырма</b> <b>«Ыстық орындық»</b> <b>Құрлымдалған ойын:</b> <b>Шарты:</b> Мен отбасымды жақсы көремін» деп әр бала өз отбасы туралы айтады. <b>3- тапсырма.</b> <b>Пед жет ойын:</b> <b>«Санамақтар сыры»</b> «Бір үйде біз нешеуіміз?» (А.Сопыбеков)өлеңін оқып беру. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармақ – әкем, Балаң үйрек – шешем, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз.</p>
--	---	--	--	--	--

Қалай оған жетеді?  
**4- бала:** Адал еңбек етесің  
 Сонда ғана жетесің.  
**Сезім:** Көрінбейтін көзіңе,  
 Сонда оның өзі не?  
**5- бала:** Бақыт деген, сөзім  
 шын  
 Айналайын, өзіңсің!  
**3. «Бақыт аялдамасы»**  
 Міне, балалар соңғы  
 аялдамаға да келіп жеттік.  
 Яғни, біз бақыт  
 аялдамасында тұрмыз. Біздің  
 ата-анамыз жанымызда,  
 қасымызда достарымыз бар,  
 көңіліміз көтеріңкі, бейбіт  
 заманда өмір сүріп  
 жатырмыз. Балалар бақыт  
 деген не екенін өз сөздерімен  
 айтып берсін.

**Қортынды**  
 Аспан тұрса күлімдеп,  
 Ақса бұлақ гүрілдеп,  
 Болса Отаны аман-сау.  
 Балаларға сол бақыт.  
 Балаларды мадақтау

**Қоршаған орта**  
**Тақырыбы:** Менің мейірімді  
 отбасым.

**Шаттық шеңбері**  
 Көтеріліп шаңырақ  
 Уықтары шанышлар  
 Керегелер керіліп,  
 Өрімдей боп өрілер  
 Бәріміз жүрсек айналып,  
 Киіз болып көрінер  
 -Балалар, біз қандай заттың  
 бейнесін жасадық?  
 -Ал, киіз үйде кім тұрады?  
 -Оларды бір сөзбен қалай  
 Атаймыз  
 Балаларды мадақтау.

Қимыл- қозғалыс  
 жаттығуы  
 Кішкене қапшықты  
 төбесіне қойып, тақтай  
 үстімен жүру.  
**Негізгі қимыл-қозғалыс  
 жаттығулары.**

1. Кішкене қапшықты  
 төбесіне қойып, тақтай  
 үстімен жүру.
2. Доға астынан еңбектеп  
 өту.

**Қимылды ойын:**  
**«Мысық тышқан»**  
 Ойын шартымен  
 таныстыру.

**Қорытынды:**  
 Шеңбер бойы жүру. Еркін  
 жүру. Қолды жанға созып,  
 аяқтың ұшымен жүгіру

**Сауат ашу негіздері.**  
**Тақырыбы:** Сөзбен  
 танысайық  
**I. Шаттық шеңбері.**  
**«Кел, балалар күлейік»**  
**Ө. Тұрманжанов.**  
 Кел, балалар күлейік!  
 Күлкіменен түлейік!  
 Қабақ түйген не керек.  
 Көңілді болып жүрейік!  
**II. Қызығушылықты ояту.**  
**Дид ойын:** «Қонаққа  
 барамыз».  
 Балалар үй иелері және  
 қонақтар болып бөлінеді.  
**«Үй иелері»** қонақтарды  
 «сиқырлы сөздерді» айтып  
 қарсы алу қажет.  
**«Қонақтар»** тобы сытайы  
 жауап қайтарады.  
**III. Ой дамыту.**  
**Топтық жұмыс.**

**Топқа бөлу.**  
**1- топ**  
**Дид ойын:** «Мен және  
 менің жақындарым»  
**Шарты:** Өзіне ұнаған  
 суретті ірікпен алып,  
 отбасы тақырыбында  
 коллаж құрастыру.


**2- топ**  
**Дид ойын:** «Әдемі үйлер»  
**Шарты:** Әр түрлі үйлерді  
 құрастырады.

**Сұрақ – жауап**  
 – Бүгін не үйрендік?  
 -Қандай тақырыпта  
 әңгімеледік?  
**Шапалақ әдісі** арқылы  
 қорытындылау. Оқу  
 қызметіне белсене  
 қатысқан балаларды күліп  
 тұрған жұлдызша беру.

**Математика**  
**Тақырыбы:** Геометриялық  
 ұғымдар  
**Ой қозғау.**  
**Пед жет ойын:** «Кім  
 тапқыр?»  
 Жұмбақ жасыру.  
 Тиіскенді түйреген,  
 Киімі бар инеден. (Кірпі)  
 – Балалар, жұмбақ не  
 туралы?  
 Кірпі келіп, балалармен  
 амандасады. Балалар  
 қызығушылық танытады.  
 Кірпі балаларға ішінде  
 жапырақтары бар  
 себетті береді.  
**Дид ойын:** «Себетте не  
 бар?»  
**Шарты:** Кірпі берген

Ешкі бақырады  
 Дид ойын: «Топтастыр»  
**Шарты:** Дауысты дауыссыз  
 дыбыстарды топтастыру.  
 Қалаған бір дыбыстан сөйлем  
 құрап , қандай дыбыс  
 шығаратынын айту.  
**Қортынды**  
**Балаларды мадақтау.**

**Көркем әдебиет**  
**Тақырыбы:** Менің жанұям  
**Шаттық шеңбері.** «Балалы  
 үй-базар»  
**Н.Әлімқұлов.**  
 Біздің үйден ән тарап,  
 Дұмандатар өмірді.  
 Біздің үйде салтанат,  
 Біздің үйде көңілді.  
**I. Қызығушылықты ояту.**  
**Дид ойын:** «Кім тапқыр?»  
 Дегенімді жасайтын  
 Қалған тамағымды асайтын,  
 Ертіп алып жетектеп  
 «Немерем» – деп атайтын?  
 Кім ол?  
**Балалар:** – **Апай, бұл «Ата» –**  
**зой**  
 Ертегі айтып беретін  
 Айтқанына сенетін.  
 Дегеніңді екі етпей Жаңында  
 сенің жүретін. Кім бұл?  
**Балалар:** – **Бұл «Әже» – зой**  
**апай!**  
 Кіріңді сенің жуатын Үйді  
 шаштың и деп қуатын  
 Тамағыңды дайындап Жақсы  
 көріп тұратын.  
 Бұл кім екен?  
**Балалар:** – **Апай бұл**  
**біздің «анамыз» – зой.**  
**II. Ой дамыту**  
**Жанұя туралы түсінік беру.**



**Дид ойын**  
**«Қай зат кімдікі».**  
**Шарты:**  
 (сөздік ойын, мұнда  
 балалар әжесіне,  
 атасына, анасына,  
 әкесіне, ағасына,  
 апасына, әпкесіне  
 тиісті үш затты  
 атауы керек)  
**Қорытынды.**  
 Айгүл балаларға риза  
 болып, көңілді  
 смайлктер беріп  
 қоштасады.  
 Сұрақ жауап арқылы  
 қорытындылау.  
**Қоршаған орта**  
**Тақырыбы:** Жанұя  
 мүшелері.  
**Шаттық шеңбер**  
 Қандай жақсы бір тұру  
 Достарыммен бір жүру  
 Қайырлы күн, Жер-Ана  
 Қайырлы күн достарым  
 Жыл мезгілін сұрау.  
**Миға шабул**  
**Дид ойын:** «Кім  
 тапқыр?»  
**Жұмбақ**  
 Маған да, саған да,  
 Жақын туыс бес адам.  
 Үш әріптен тұратын.  
 Оңға оқы, солға оқы.  
 Өзгермейді еш онда.  
 Бәрі- де өз жұртың.  
 Айтады, қане кім  
 атын?

**Миға шабул әдісі**  
 Дид ойын: «Сиқырлы микорфон»  
 1. Ол өте мейірімді, ақ шашты, көзінің айналасында ұсақ әжімдері бар, сендерге жылы қолғап тоқиды, ұйықтар алдында ән немесе ертегі айтып береді. Бұл кім?  
 - Оны қалай білдіңдер?  
 - Ал сендердің әжелерің қандай?  
 2. Ол көзілдірік киеді, көп кітаптар оқиды, көптеген қызықты тарихи оқиғаларды біледі. Ол әжеге көмектеседі, зейнетақы алады, немерелеріне қарайласады.  
 - Кім бұл?  
 - Ал сендердің аталарың қандай?  
 3. Оны жер бетіндегі ең бірінші, ең әдемі сөзбен атайды. Ол сен үшін ең қымбат адам. Сендер ауырсаңдар түн ұйқысын төрт бөлетін адам  
**-Бұл жұмбақ кім туралы?**  
 4. -Сендер өздеріңнің аналарыңды қандай мейірімді сөзбен атайсыңдар?  
 -Аналарың сендерді қалай еркелетеді?  
**- Және соңғы жұмбақ..**  
 Ол салмақты да, байсалды, барлық бос уақытын сендермен өткізеді: сендерді циркке апарды, демалыс кезінде барлық отбасын табиғатқа алып шығады.  
 -Бұл кім?  
 Балаларды мадақтау.  
**Сергіту сәті**

Балаларды қызыл, сары, жасыл доптар арқылы топқа бөлу.  
**I-топ. Қызыл доп.**  
**Дид ойын: «Ойлы болсаң, озып көр»**  
 Шарты: Жасырынған суреттердің атын айтып, не үшін қолданылатынын айту.  
**II –топ сры доп**  
**Дид ойын:**  
**«Жүйрік болсаң, озып көр!»**  
 А, Т,Б, С, F, П, әріптерге сөз айту. Бала үні.  
**III-топ жасыл доп.**  
**Дид ойын: «Мен бастаймын сен аяқта »**  
 Шарты: Ұяшықтар таңдап, шыққан әріптерден басталатын сөздер ойлап табу.  
 Қортынды  
 Балаларды мадақтау.  
  
**Математика**  
**Тақырыбы:** Топтағы заттар .«Көп», «Біреу» ұғымда  
**Қызығушылықтарын ояту.**  
**Тосын сәт.** Білмеспек келеді. Балалармен амандасып, көмек сұрайды.  
 Мен санау білмеймін.  
 Менің оң қолымда қанша шар және сол қолымда қанша шар бар?  
 Тақтадағы суреттер бойынша жұмыс.  
**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**  
 – Суретте ең көп бейнеленген қандай зат?

себетте не жатыр?  
 Себетте қандай түсті жапырақ бар?  
 Әр бала бірбірден жасыл жапырақтан алу  
**Ашық сұрақтар қою?**  
 Себетте қандай жапырақ болды? Көп пе аз ба?  
 Енді қанша қалды?  
 Жапырақтар себетте көп болу үшін, не істеу керек?  
 Бала үні.  
**Дид ойын: «Біреу – көп»**  
 Шарты: Балалар суретте қай заттар біреуден, қай заттар көп екендігін сызық арқылы көрсетеді.  
**Ой қозғау.**  
 Кірпі нені жақсы көреді.? Балалардың жауаптары.  
 – Балалар, кірпі қысқа азық жинап алмақшы екен.  
 Кірпіге суреттегі көп алма қайда, бір алма қай жерде тұрғанын тауып береміз.  
**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**  
 Шарты: Аз, кем ұғымдарын бекіту.  
 Балаларды мадақтау.  
**Ой өріс**  
**Топтық жұмыс.**  
 Пед жет ойын:  
 «Салыстыр» Шарты: салыстыру ұғымдарын бекіту. Суретте кірпілердің арқаларында нешесаңырауқұлақ барын ата? Себетте неше саңырауқұлақ барын ата, салыстыр.  
 Сыни ойлау, бала үні, командада жұмыс, тікелей бақылау

-Отбасы мүшелерін атау. ата, әже, әке, шеше, аға, әпке, іні, қарындас, сіңлі.  
**Сұрақ-жауап.**  
 Сенің отбасың қандай?  
 Отбасында неше адам бар?  
 Олар кімдер?  
 -Атаң мен әжең кім?  
 -Әкең қайда жұмыс істейді?  
 -Анаң қайда жұмыс істейді?  
 -Сен неше жастасың  
**III. Миға шабул**  
 Сурет бойынша әңгіме құрастыру.  
**IV. Ой қозғау**  
 Мақал – мәтелдер.  
 -Отанды сүю отбасынан басталады.  
 -Үлкен – бастар.  
 Кіші – қостар.  
 Ата – бәйтерек,  
 Бала – жапырақ.  
 Дид ойын: «Ретімен орналастыр»  
 Шарты: Суреттен отбасы мүшелерін ретімен қоя білу.  
**Қортынды** Санамақ сыры  
**Санамақ айту.**  
 Бір үйде біз нешеуміз,  
 Кел, санаайық екеуміз.  
 Бас бармағым –атам,  
 Балан үйрек- әжем,  
 Ортан терек - әкем,  
 Шылдыр шүмек – анам,  
 Кішкене бөбек – мен.  
 Бір үйде біз бсеуміз,  
 Тату тәтті екенбіз  
  
**Математика негіздері**  
**Тақырыбы:** Заттар тобын салыстыру. Оң жақ – сол жақ  
**Қызығушылықты ояту.**  
**«Түстер мен заттар» ойыны.**

-Ендеше бұлардың барлығын біз қалай айтамыз?  
**АКТ технологиясымен жұмыс .**  
**Отбасы туралы түсінік беру.**  
**Сергіту сәті.**  
 Бас бармағым әкем.  
 Балан үйрек шешем.  
 Ортан терек ағам  
 Шылдыр шүмек апам  
 Кішкене бөбегім мен.  
**Дид ойын«Отбасыңды неге теңейсің?»**  
**Ойынның шарты:**Біздерге бірнеше суреттер берілген, отбасын қандай жақсы нәрсеге теңегіміз келсе, сол суретті көтеріп көрсетеміз.  
  
  
**Дид ойын: «Ретімен орналастыр»**  
 Шарты: Суреттен отбасы мүшелерін ретімен қоя білу.  
**Қорытындылау :**  
**Сұрақтар ілмегі.**  
 Кімдер туралы әңгімелестік?  
 Бас бармақ әдісі қорытындылау.



<p>Иліп оңға бір, іліп солға бір, Жаттығу жасаймын. Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ, сол аяқ, Жаттығу оңай-ақ. <b>Дид ойын:</b> «Бақыт ағашы» <b>Шарты:</b> Отбасы мүшелерінің суретін ретімен ағашқа жапсырады. (әр балаға жеткілікті ағаш суреті, қиылған отбасы мүшелерінің суреттері) <b>Қорытынды</b> Балалар, біз бүгін кімдер туралы білдік? Сонда отбасы деген не? Балаларды мадақтау.</p> <p><b>Денешынықтыру</b> <b>Кіріспе бөлімі:</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру. Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.қол жанда, өкшемен жүру жұптасып жүру . Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау <b>Негізгі бөлім:</b> <b>Жалпы даму жаттығулары.</b> <b>Сылдырмақпен</b> <b>Б.қ.: «Көбелек қонды»</b> <b>1.</b> Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. бр <b>Б. қ.: «Жыланның қозғалысы»</b></p>	<p>–Қандай заттар бір-бірден салынған? Мұнда қанша тауық бар? - Қанша балапандар бар? - Мына ағашта қанша алма? - Ал, мына ағашта қанша алма? Балаларды мадақтау. Білмеспек балаларға рахмет айтып, қоштасып кетеді. <b>Сергіту сәті.</b> Бір дегенде-тік тұрамыз! Екі дегенде-екі рет айналамыз. Үш дегенде-үш рет секіреміз. Төрт дегенде- отырамыз. <b>Дид ойын: «Поезд»</b> Кәне бір-біріміздің артына тұрып, ұзын вагон болып тіркесейік. Оң жаққа бұрылыңдар <b>«Ойыншықтар» аялдамасы.</b> Бірінші сөреде неше ойыншық бар? (біреу) Екінші сөреде неше доп көріп тұрмыз? (біреу) үшінші сөреде қанша машина бар екен? (көп) Үлкен машина қанша? (біреу) Ал кішкентай машиналар қанша екен? (көп) Бәрекелді. Жарайсыңдар! Сол жаққа бұрылыңдар. <b>«Қуыршақтар» аялдамасы.</b> (үлкен және кіші қуыршақтар арқылы салыстыру жұмыстарын жүргізу) Балаларды мадақтау. <b>Балабақшаға оралу.</b> Қорытынды.</p>	<p><b>Рефлексия.</b> Кірпі тапсырманы дұрыс орындағандары үшін балаларға рақмет айтып, балалармен қоштасады. <b>Сұрақтар ілмегі.</b> Кім бізге қонаққа келген? Қандай тапсырмалар орындадық? Бала үні. Балаларды мадақтау. 3 Шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.</p> <p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы: Менің жанұям.</b> Балалар көңілді музыка әуенімен келеді. Педагогпен әндетіп амандасады. Шеңбер бойымен жүріп, би қимылдарынан элементтер жасайды. – Балалар, «отбасы» деген сөзді қалай түсінесіңдер? – Отбасыларыңда кімдер бар? – Сендер ұйықтар алдында аналарың әндетіп ұйықтатады, сол әнді «бесік жыры» деп атайды. <b>Музыка тыңдау:</b> «Бесік жыры» (муз. И. Нүсіпбаев, сөзі С. Жиенбаев). Әнде не туралы айтылғанын, алған әсерлерін сұрау. Балаларға «бесік жыры» туралы мәлімет беріңіз. Балалардан бұл ән күннің қай мезгілінде орындалатынын сұрау. <b>Дауыс жаттығулары:</b> «аққу» (Сүгір). Әуенді асықпай, төменнен</p>	<p>Балаларға доп лақтырып, бір түсті айтамын, допты алған бала сол түске сәйкес затты айту керек. <b>Тосын сәт.</b> Қоян келеді. Қоянмен ойын. <b>Дид ойын: «Не қайда тұр»</b> -Менің сол жағымда не отыр? -Менің оң жағымда қандай аң отыр? <b>Балаларды түстер бойынша топқа бөлу.</b> 1- топ қызыл түс 2- топ көк түс 3- топ жасыл түс. Әр топқа тапсырма беру. Тапсырма шарты: шаиылып жатырған ойыншықтарды түстеріне қарай сөрелерге орналастыру (жоғарыға қызыл ойыншықтар, ортасына жасыл ойыншықтар, астына көк түсті ойыншықтар) Балаларды жоғарыда, төменде, ортасында, сол жақта, оң жақта, арасында деген сөздерді қолдануға үйрету. Балаларды мадақтау. Әр топқа көңілді смайлктер беру. <b>Дид ойын: «Жасырынбақ»</b> Әр топ қарама қарыс топқа заттың атын айтпай, оның қай жерде тұрғанын және белгілі бір қасиетін айтып жасырады . Қарсы топ оның қандай зат екенін табады. Дұрыс жауап берген топқа смайлк беру. <b>Сергіту сәті.</b> Ал, балалар тұрайық. Үлкен шеңбер құрайық,</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>Тақырыбы: Ғажайып алаң</b> <b>Ғажайып сәт.</b> Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. – Сәлеметсіздер ме?! Балаларға «Ғажайып алаң» ойынын ойнауға шақырады. <b>Ой қозғау.</b> Балалар барабанды айналдыра отырып, ұпай жинайды, сұрақтарға жауап береді, тапсырмаларды орындайды. <b>Бірінші тапсырма:</b> Санамақты еске түсіру, отбасы мүшелерін атау. Атам, әжем, Әкем, шешем. Әпкем, сіңілім, Ағам, інім және мен. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. <b>Екінші тапсырма:</b> Отбасы туралы қандай мақал білесіңдер? Балалар мақалдарды естеріне түсіреді. 1. Отан отбасынан басталады. 2. Баланың бас ұстазы – ата-ана. 3. Інісі бардың – тынысы бар, Ағасы бардың – жағасы бар. 4. Аға әдепті болса, іні әдепті, Ана әдепті болса, сіңді</p>
---	--	---	--	---

<p>2. Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасау. иықты ирелеңдете айналдыру. /6 рет қайталау/ <b>Б.қ.: «Қайшы»</b></p> <p>3. Аяқтар ашақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау./6 рет/ <b>Б. қ.: «Жұлдызша»</b></p> <p>4. Қолдары белде. Аяқты бірге ұстау. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хоп» деп айту. /6 рет/ <b>Тыныс алу жаттығулары:</b> шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару. <b>Бастапқы қалыпқа келу.</b> Қимыл- қозғалыс жаттығуы Кішкене қапишықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру. <b>Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары.</b> 1. Кішкене қапишықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру. 2. Доға астынан еңбектеп өту. <b>Қимылды ойын:</b> <b>«Қояндар мен қасқыр»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру <b>Қорытынды:</b> <b>Шеңбер бойы жүру. Еркін</b></p>	<p>-Қонаққа кім келді? -Сендерден қандай көмек сұрады? -Поездбен қайда бардық? Жарайсыңдар. Балаларға көңілді смайлктер беру</p> <p><b>Мүсіндеу</b> <b>Тақырыбы:</b> <b>Анамның қолиатыры</b> <b>I.Шаттық шеңбері</b> <b>Н. Жанаев.</b> Табиғат біздің анамыз Табиғатқа баламыз Таңғажайып сәт. Аудио дауыс. Жаңбырдың жауған даусы. <b>Сұрақ-жауап</b> -Жаңбыр жауғанда қалай қорғанамыз. -Қолиатырды қай жерде ұстаймыз <b>II. Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету.</b> Ермексазды жұмсарту, алақанға салып созу әдістерін түсіндіру. Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, креативтілік дағды. Дид ойын.: «Біздің көрме» Балалардың жұмысын бағалау <b>Қортынды</b> қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр» <b>Шарты:</b> Күн деген кезде балалар ойынға шығады, ал балалар жаңбыр жауды деген кезде балалар қолиатырдың астына тығылады</p>	<p>жоғары қарай әндету. Әуенді «га-га» буынында орындау. Дауысты ашық «а» дыбысын дөңгелете айтуға жаттықтыру. <b>Ән айту:</b> «Әже тілегі» Т. Қоңыратбай). Педагог әнді сүйемелдеумен орындап, балаларға мәтінін қайталатып үйретеді. Ән кім туралы айтылып отырғанын естеріне салып, сезіммен айтуды ұсынады. Ән айту барысында сүйемелсіз балаларға қайталатып, есту қабілетін тексеріңіз. <b>Қортынды</b> Смайлктер беру</p> <p style="text-align: center;"><b>Сауат ашу.</b></p> <p><b>Тақырыбы: Сөйлеммен танысайық</b> <b>Қызығушылықты ояту</b> <b>Жұмбақ жасару</b> Өзі сондай нәзік, Су құйсақ кетеді. Алақанын жазып. Бұл не болды, балалар? <b>Гүл.</b> суретін көрсету. <b>Дид ойын: «Гүл тереміз»</b> <b>Шарты:</b> Әр түрлі гүлдерден гүл бумасын жинау. <b>Дид ойын: «Ойлан тап»</b> <b>Шарты:</b> гүл сөзін пайдаланып бірнеше сөздер айту.</p>	<p>Алақанды соғайық. Оң жақтағы балаға, Шапалақты соғайық. Сол жақтағы балаға, Шапалақты соғайық. Жоғары төмен қарайық, Орнымызды табайық. <b>Дид ойын: «Топтастыр»</b> <b>Шарты:</b> Алдарында қағазда бейнеленген заттарды топтастырады. Доп көп, шар аз. т.б. Балаларды мадқтау. Смайлк беру. <b>Қорытынды.</b> Қоян балаларды мадақтап, рахмет айтып қоштасады Балаларға сұрақ қою арқылы қорытындылау. -Қандай тапсырмаларды орындадық? -Қандай ойын ойнадық? Белсене қатысқан балаларды мақтау-мадақтау. Әр топтың смайлктерін салыстырып,мадақтау</p> <p style="text-align: center;"><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы: Менің жанұям.</b> Балалар көңілді музыка әуенімен келеді. Педагогпен әндетіп амандасады. Шеңбер бойымен жүріп, би қимылдарынан элементтер жасайды. – Балалар, «отбасы» деген сөзді қалай түсінесіңдер? – Отбасыларыңда кімдер бар? – Сендер ұйықтар алдында аналарың әндетіп ұйықтамады, сол әнді «бесік жсыры» деп атайды.</p>	<p>әдепті. <b>Үшінші тапсырма:</b> Отбасымен түскен суреттер, фотоальбоммен жұмыс. Балалар өздеріне таныс сөздерді атайды және сөздерден сөйлем құрайды. –Мынау – менің отбасым. Мынау – ата. Атамның аты Атам теледидар көреді. –Мынау – менің әжем. Әжемнің аты Әжем ән айтады. –Мынау – менің әкем. Әкемнің аты Әкем ойыншық берді. –Мынау – менің анам. Анамның аты Анам тамақ пісіреді. Біз тату тұрамыз. <b>Төртінші тапсырма:</b> Диалог құру. Сұрақтарға жауап беру. Балалар бір-біріне сұрақтар қояды. –Сенің ағаң бар ма? –Ағаңның аты кім? –Сенің әпкең бар ма? <b>Бесінші тапсырма:</b> <b>Дидактикалық ойын:</b> <b>«Тыңда, есте сақта, қайтала».</b> Қуыршақ Сәуле сан тіркесімен отбасы мүшелерін айтады, балалар тыңдап алып, қайталаулары керек. Мысалы: менің 2 әжем, 1 атам, анам, 3 інім бар.</p>
--	--	--	---	---

жүру. Қолды жанға созып,  
аяқтың ұшымен жүгіру

### **Қазақ тілі.**

#### **Шаттық шеңбер.**

-Балалар, бір-біріңе аналарың  
еркелетіп атайтын  
аттарыңды айтыңдар.  
Өткен тақырыпты қайталау.  
Сөздік ойын: «Мен  
бастаймын, сен қошта».

Педагог апта күндерін  
қайталауды ұсынады.

#### **Апта күндері.**

Апта деген атайдың Жеті  
бірдей ұлы бар. Біріншісі –  
дүйсенбі, Екіншісі – сейсенбі,  
Үшіншісі – сәрсенбі,  
Төртіншісі – бейсенбі,  
Бесіншісі – жұма,  
Алтыншысы – сенбі,  
Жетіншісі – жексенбі.

-Бүгін аптаның қай күні?

-Біріншісі қай күн?

Жетіншісі қай күн?

#### **2. Ой дамыту.**

##### **Ғажайып сәт.**

Қонаққа қуыршақтар – Сәуле  
мен Арман келеді.

-Сәлеметсіздер ме?!

Қуыршақтар хат алып келеді.

Педагог: Қараңдаршы, бізге  
хат келіпті (ішінде алдын ала  
салынған балалардың ата-  
аналарының суреті).

-Қандай керемет, мына  
суретте кім бар?

Бала отбасы мүшелерінің  
фотосуреттерін тауып, олар  
туралы әңгімелейді.

##### **Ой қозғау.**

Менің қарындасым. Менің

### **Балаларды мадақтау.**

Дала. Гүл. Ашыды. Әдемі.  
Бақ.

осы сөздерді бір-бірімен  
байланыстырып айту.

Балалар, біз бүгін  
сендермен сөйлем туралы  
түсініп, оның қалай  
жасалатынын үйренеміз.

-Гүл қайда өседі?

- Гүл қандай?

- Енді осы сөздерді  
біріктіріп айтайық.

— Далада әдемі гүл өседі.

— Сөздер бірігіп белгілі  
аяқталған ойды білдіреді.

Сөйлем төрт сөзден  
құралып тұр. Сөйлемде  
сөздер бір-бірімен  
байланысып тұр.

#### **Сергіту сәті:**

Ал, балалар, тұрайық,

Бой жазайық бәріміз.

Мойнымызды бұрамыз,

Қолымызды созамыз.

Аяқтарын топ-топ басып,

Орнымызға барамыз.

**Дид ойын:** « Сөз ойла, тез  
ойла »

Шарты: Ұяшықтар

таңдап, шыққан

әріптерден басталатын

сөздер ойлап табады.

#### **Қорытындылау.**

Балаларды мадақтау.

Жұлдызша беру.

**Музыка тыңдау:** «Бесік  
жыры» (муз. И. Нүсіпбаев, сөзі  
С. Жиенбаев). Әнде не туралы  
айтылғанын, алған әсерлерін  
сұрау. Балаларға «бесік жыры»  
туралы мәлімет беріңіз.

Балалардан бұл ән күннің қай  
мезгілінде орындалатынын  
сұрау.

**Дауыс жаттығулары:** «аққу»

(Сүгір). Әуенді асықпай,

төменнен жоғары қарай

әндету. Әуенді «га-га»

буынында орындау.

Дауысты ашық «а» дыбысын

дөңгелете айтуға

жаттықтыру.

**Ән айту:** «Әже тілегі»

Т. Қоңыратбай).

Педагог әнді сүйемелдеу-мен

орындап, балаларға мәтінін

қайталатып үйретеді.

Ән кім туралы айтылып

отырғанын естеріне салып,

сезіммен айтуды ұсынады. Ән

айту барысында сүйемелсіз

балаларға қайталатып, есту

қабілетін тексеріңіз.

#### **Қортынды**

Смайктер беру

### **Сергіту сәті**

Дөңгеленіп тұрамыз,

Керегені құрамыз.

Уықтарша иіліп,

Шаңырақты көтеріп,

Қазақ үйді құрамыз

#### **Ой дамыту.**

1. Суреттерге қара.

Отбасы мүшелерін ата.

Сөйлем құра.

Үлгі: Менің атам бар.

Атамның аты – ... .

Рефлексия.

#### **Қортынды.**

Балаларды

мадақтайды.

-Сендерге ойын ұнады

ма? Қандай тапсырма

ең қызықты болды?

Қуыршақтар

балалармен қоштасады

#### **Дене шынықтыру**

**Кіріспе бөлімі:** Сапқа

тұру.

Шеңбер бойымен денені

тік ұстап, адымдап

жүру. денені тік ұстап

секірмелі жүзгіріс .

табанның ішкі

жақтарымен қысқа

және алиақ қадаммен

жүру.

Саптан 4 колонна

тұру.

#### **Жалпы даму**

**жаттығулары**

«Күн- түн»

1. Аяқтар алиақ

қойылған, қолдар

бүйірде. 1- көзімізді

жұмамыз. 2- мойынды

оңға бұрып, көзімізді

	<p>сіңлім.  -Қарындасың бар ма?  -Сіңлің бар ма?  Менің сіңлім/қарындасым бар.  -Сенің ағаң бар ма?  -Менің ағам бар.  -Сенің әпкең бар ма?  -Менің әпкем бар.  -Сенің отбасыңда неше адам бар?  Балалар сөздерді, сөйлемдерді жеке және хормен қайталайды.  Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).  Ә-ә-ә – әже  Ә-ә-ә – әке  І-і-і- ің-ің – сің-лі.  <b>Санамақ тақпақ жаттау..</b>  Бір үйде біз нешеуіміз?  Кел, санайық екеуіміз,  Басбармақ – әкем,  Балаң үйрек – анам,  Ортан терек – ағам,  Шылдыр шүмек – мен,  Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуіміз?  Бір үйде біз бесеуіміз.  <b>Сергіту сәті.</b>  Дөңгеленіп тұрамыз, Керегені құрамыз.  Уықтарша иіліп,  Шаңырақты көтеріп,  Қазақ үйді құрамыз.  <b>Суретпен жұмыс.</b>  Суретті сипатта. Отбасы мүшелері не істейді?  Өз отбасың туралы әңгіме құра.  <b>Рефлексия.</b>  Балаларды мадақтайды</p>				<p>ашамыз, 3- алдыға қарап көзімізді жұмамыз, 4- мойынды солға бұрып көзімізді ашамыз. 6-р  <b>«Ілгіштер»</b>  <b>2. Аяқтар алишақ</b> қойылған, қолдар жанда, 1-2 - оң аяқтың тізесін сәл бүгіп оңға қарай иілеміз, 3-4 – сол аяқтың тізесін сәл бүгіп солға иілу. 6 рет  <b>«Балапан қанатын қақты»</b>  <b>3. Аяқтарды</b> біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-3 алақанды жұмып-ашу, 4-6- шынтақты жоғары-төмен көтеру, 6-р  <b>«Айнаны сұрту»</b>  <b>4. Аяқтарды</b> біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-4 алақанды ашып отырып-тұрып айнаны сұрту қимылын көрсетеміз. 5-6 қолды жоғары созып шапалақтаймыз. 6-р  <b>«Көбелек ұстау»</b>  <b>5. Аяқтарын алишақ,</b> қолды жанға созу. Секіріп аяқты біріктіру. Қолды жоғары созып, шапалақтау. 6-р  <b>Б.қ.: «Серіппе»</b>  <b>6. Аяқтарын біріктіру.</b> Қолдары белде. 1- тізені бүгіп отыру, 2- б.қ.</p>
--	---	--	--	--	---

					<p><b>Тыныс алу жаттығулары:</b> араның дыбысын салу, мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулар</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Текшелер арасымен жүру</li> <li>2. Обручтан обручқа секіру.</li> </ol> <p><b>Қимылды ойын: «Доп қақпаға»</b> <b>Мақсаты:</b> балаларды анық қимылдауға жаттықтыру. <b>Қорытынды:</b> шеңбер бойы жүру. Қатарға тұру. Сұрақ-жауап. Балаларды мадақтау</p>
Серуенге дайындық	<b>Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.</b> <b>Киіну:</b> Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен:	<b>Картотека №9</b> Аула сыпырушының еңбегін бақылау.	<b>Картотека №10</b> Торғай мен Қарғаны бақылау.	<b>Картотека №11</b> Күнді бақылау.	<b>Картотека №13</b> Аула маңындағы көліктерді бақылау.	<b>Картотека №14</b> ауа-райын бақылау
	<b>Серуен картотекасынан . Картотека қосымша тіркелген.</b>				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы. Баламен жылы жүзді қоштасу.				

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Қаракемер мектеп-балабақшасы

Қыркүйекке дейінгі ұйымдағы мектепшілді тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 11.09 – 15.09.2023 ж

*Білім беру процесінің циклограммасы*

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Балаларды қабылдау, дене қызуын өлшеп, көңіл-күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату. Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.</i>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<i>Балалардың денсаулығы, көңіл-күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу. отбасы дәстүрлері туралы әсеке әңгімелесу</i>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	<i>Картотека №10 «Жол әліппесі» Мақсаты: балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру</i>	<i>Картотека №11 «Әдептілік» Мақсаты: Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды арынды қалдануға үйрету.</i>	<i>Картотека №7 «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу</i>	<i>Картотека №14 «Кімге не керек» Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету</i>	<i>Картотека № 18 «Өз мекеніне орналастыр» Мақсаты: Үй жануарларын дала жануарларынан ажырата білуге үйрету.</i>
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу. Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.</i>				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған	<i>I. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Мамандықтың бәрі жақсы. II. Қызығушылықтарын ояту. Жұмбақ жасыру. -Бал татыған мәзір,</i>	<i>Денешынықтыру Кіріспе бөлімі: Сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап тізені шапалақтай жүргізу. Қол бүйірде, аяқтың</i>	<i>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Дәрігер Айболит» (ертегі мультфильмін көрсету) ҰОҚ өтілу барысы I. Психологиялық шеңбер Қайырлы таң, қайырлы</i>	<i>Сауат ашу негіздері. Тақырыбы: Бұлтқа бөлейік Ой дамыту. Суретпен жұмыс, Тақтадағы суретке ат қою, қыз баланың есімі – Сара.</i>	<i>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Менің анам ұстаз» Миға шабул Дид ойын: «Кім танқыр?»</i>

іс-әрекет

*Ол бар жерде әзір. (аспаз)  
-Өскен шашты жаратпайтын,  
Қайшысы бар жалақтайтын.*

*ұшымен жүру. өкшемен жүру. тізені бүгіп жүру.  
Сапқа тұру. 4 колонна тұру.  
Жалпы даму*

*күн! Бәріңе сәлем!  
Балалар,  
Жерде не жатыр?  
Қардан не жасауға*

**(шаиштараз)**

-Басқа қандай мамандық иелерін білесіңдер?

-Мамандықтар туралы түсінік беру.

**Дид ойын: «Кім жылдам?»**

**Шарты:** Суреттің қиылған бөлігін тауып, қай мамандық екенін тез айту.

**3. Ой қозғау.**

**Суретпен жұмыс.**

-Мамандық дегеніміз не?

-Мынау қай мамандық иесі.

-Ол не істеп жатыр?

-Ол мамандық иесінің бізге қандай пайдасы бар?

-Олардың атқаратын қызметі не?

**Дид ойын: «Өз затын тауып бер»**

**Шарты:** Кір қыстырғышпен әр мамандықтың затын өз тұсына қыстыру

**Сөздік жұмыс жүргізу.**

Кәсіп, қияды, емдейді, шабыттанады,

**Сергіту сәті.**

**Көркем сөз Тақпақ жаттау «Дәрігер»**

Ден саулығын баланың,

Ден саулығын ананың.

Ден саулығын қарттыңда,

Қамқорлыққа аламын

**Сөздік жұмыс:**

Мамандық, кәсібі,

еңбектену, жұмыс жасау т.б.

**Қортынды:**

**Сұрақ – жауап.**

Мамандық деген не?

Түрлерін атау.

Балаларды мадақтау.

**жаттығулары:**

**1. «Торғай ұшты»**

Аяқты алишақ қоямыз, қолымыз жанға созу, басты оңнан солға қарай, төмен-жоғары бұру

**2. «Баспалдақ»**

Аяқты алишақ қоямыз, қолымыз жанда, 1-2 қолды белге қоямыз, 3-4 иыққа, 5-6 жоғары созамыз, 7-8 – шапалақтаймыз. Керісінше қайталаймыз. 5-6 р

**3. «Арқан созу»**

Аяқты алишақ, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, 1-оң қолымызды жоғары, 2- сол қолды төменге қарай созу. 3-4 қимылды керісінше жасау.

/6 рет қайталау/

**4. «Гүлдің ашылуы»**

Аяқтары алишақ қойылған.

Қол төменде, аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары созу. (6- рет қайталау.)

**5. «Тырна»**

Аяқтарын біріктіру. Оң аяқты бүгіп, орнында секіру.

Сол аяқты /10-15 секунд/

**Тыныс алу жаттығулары:** мұрын арқылы демді ішке жұтып, ауыздан демді шығарады.

Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.

**Негізгі қимыл-жаттығулары:**

1. Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру.

2. Арқанның астымен

болады?

Қарды ұстауға, жеуге болама?

**II. Тосын сәт.**

**Есік қағылады.**

Бұл кім екен? Балалар бізге қонаққа дәрігер Айболит келді.

Дәрігер Айболит:

Сәлеметсіздер ма балалар.

Мен сендерге қонаққа келдім, мен аңдарды емдеп, енді сендердің денсаулықтарыңды тексеруге келдім.

Дид ойын: «Дәрігер заттарын ата»

Шарты: Дәрігер заттарын атап айту

Қазір мен сендердің күлімдеген көздеріңді, қызғылт түсті беттеріңді және әдемі күлкілеріңді, тістеріңді қарағым келіп тұр. Балалар қуана қарсы алады. Дәрігер Айболит балаларға жақындап, олардың бастарын сипалап, денсаулықтарын сұрайды.

Айболит енді сендерден көмек сұрағым келіп тұр. орманда бір маймыл бүкіл заттарды араластырып жіберіпті, соны өз орнына қоюға көмектесіңдер.

Дид ойын:

«Өз орнына сал»

Шарты: Заттарды өз жұбына қою.

Мыс: Балға – балта, ручка-дәптер, иприц-дәрі т.б  
Айболит: Балалар: Аңдарға күнде нүктелі жаттығу

- Екінші буыны – ра.

- Дұрыс. Екі буыннан тұрады.

Себебі екі дауысты дыбысы бар. Дауысты дыбыс жеке өзі гана бір буын құрай алады.

Мысалы, А - ша.

**Дид ойын: «Жоғалған буын».**

Ойынның шарты: жылдам ойлап, келесі буынды табу

Балаларды екі топқа бөлу.

- Мен бірінші буынды көрсетемін, сендер жоғалған буынды табасыңдар.. Қай қатардағы топ бұрын аяқталса, сол топқа бір - бірден ойыншық қойылады.

- Ал, енді ойынымызды бастайық:

Үй, -, бө - - не, қар -, сауыс -, тыр -,

кө -, тор -, бүр -.

**Ой қозғау.**

**Буындардан сөз құрау.**

- Енді әуе шарларына жазылған буындардан сөз құрау: Ұ - зақ, көкек, қар - лы - ғаш, тор - ғай, тыр - на, боз - тор - ғай. Осы сөздерді қатыс-тырып сөйлем құрау.

Ұзақ – жыл құсы. Торғай шырылдады. Тырна ұшып келді.

Дид ойын: «Сөз өзгеру»

Шарты: Буынға әріпті қосу арқылы жаңа сөз шығару.

**Қортынды.**

Буын туралы білімдерін тиянақтау.

Балаларды мадақтау.

**Көркем әдебиет**

**Тақырыбы:** «Мамандықтың бәрі жақсы»

**АКТ технологиясы.****Слайд**

Ұстаз туралы әңгімелесу. Балалар біздің балабақшамыздың аяулы да, ардақты тәрбиеші апайлар бар. Ал сендер сол апайлардың аттарын білесіңдер ма?

**2-Слайд.**

Тәрбиеші апайлардың суреттері.

Балалар апайлардың аттарын айтады.

Балаларды мадақтау.

**Сергіту сәті:**

Ал, балалар, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық.

Оңға қарай иіліп,

Солға қарай иіліп,

Жоғары-төмен қарайық,

Орнымызды табайық.

**Дид ойын:**

«Айырмашылығын тап».

**Шарты:** Қонжық ұстазына гүл сыйлайды.

Суретті сипаттап, екеуінде не айырмашылық бар

екенін табу

**Қоршаған орта**  
**Тақырыбы: «Кім болам»**  
**Қызығушылықтарын ояту.**  
**Тосын сәт.** Білмеспек келеді. Балалармен амандасып, көмек сұрайды.  
 Маған мұғалім мамандық туралы біліп кел деді, мен білмеймін.  
 Білмесбекке көмектесу үшін мамандықтар әлеміне саяхатқа шығамыз ба?  
 -Мамандықтар әлемі алыста екен сондықтан бізге саяхатқа бару үшін не керек? - Көлік.  
 - Ендеше мен сендерге жұмбақ жасырайын, қандай көлікпен баратынымызды тауып көрейік.  
 Көше бойлап аяндайды. Адам тасып аялдайды.  
**(Автобус)**  
 - Иә, балалар, ал автобусты жүргізетін адамды кім дейміз? Жүргізуші.  
 - Қане, кім автобус жүргізушісі болғысы келеді? Қане балалар автобусқа отырайық. Ал, кеттік  
 -Осы кезде бағдаршамның қызыл көзі жанып, автобус тоқтайды.  
 -Балалар біз неге тоқтадық?  
 - Бағдаршамның қызыл көзі жанғанда тоқтау керек.  
 - Дұрыс айтасыңдар балалар, бізге жол нұсқап тұрған кім?  
 - **Жол сақшысы.**  
**Бір бала.** Ала таяқ ұстаған Жол тәртібін нұсқаған Өмірінді күзеткен Жол сақшысы мен болам.

нысанаға дейін еңбектеу.  
**Қимылды ойын:**  
**«Мысық тышқан»**  
 Ойын шартымен таныстыру.  
**Қорытынды:**  
**Сұрақ – жауап Балаларды мадақтау**  
  
**Сауат ашу негіздері.**  
**Тақырыбы: Сөйлеммен танысайық**  
**Қызығушылықты ояту**  
**Жұмбақ жасыру**  
 Өзі сондай нәзік, Су құйсақ кетеді. Алақанын жазып. Бұл не болды, балалар? Гүл суретін көрсету.  
**Дид ойын: «Гүл тереміз»**  
 Шарты: Әр түрлі гүлдерден гүл бумасын жинау.  
**Дид ойын: «Ойлан тап»**  
 Шарты: гүл сөзін пайдаланып бірнеше сөздер айту.  
 Дала. Гүл. Ашыды. Әдемі. Бақ.  
 осы сөздерді бір-бірімен байланыстырып айту.  
 Балалар, біз бүгін сендермен сөйлем туралы түсініп, оның қалай жасалатынын үйренеміз.  
 -Гүл қайда өседі?  
 - Гүл қандай?  
 - Енді осы сөздерді біріктіріп айтайық.  
 — Далада әдемі гүл өседі.  
 — Сөздер бірігіп белгілі аяқталған ойды білдіреді.  
